

 <b>NAZARBAYEV UNIVERSITY</b>	<b>«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы</b>		
	<b>Бекіткен орган:</b>	Академиялық кеңес	
<b>Жоғары білім беру мектебінің «Білім беруді басқару саласындағы ғылым магистрі» және «Көптілді білім беру саласындағы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар магистрі» бағдарламаларына арналған оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптар және құжаттар пакетінің бақылау тізімі</b>			
<b>Бекітілген күні:</b>	24.11.2021ж.	<b>Күшіне енгізілген күні</b>	24.11.2021
<b>Шешімнің/хаттаманың №:</b>	№ 13		
<b>ІНҚ жіктеуші:</b>	2.1.2. Master's degree		
<b>Бастамашы:</b>	А. Сагинтаева Декан		
<b>Өзара байланысты құжаттар</b>	1. Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің магистратура бағдарламаларына арналған оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптар және құжаттар пакетінің тізімі, 2021 жыл		

### **1. Оқуға түсуге қойылатын талаптар:**

1) тиісті пән бойынша бакалавр дәрежесі (немесе оның баламасы) және магистр дәрежесі (егер қолданылса). Өтініш беру кезеңінде соңғы курс студенттері қарау үшін ресми ағымдағы транскрипттерді ұсына алады. Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер бағдарламаға қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін соңғы транскрипт пен дипломдарды ұсынуы тиіс. Назарбаев Университетінің түлектері дәреже алғанын растайтын түпкілікті транскриптті растау негізінде кейіннен бір айдың ішінде диплом ұсыну арқылы қабылданады;

2) ең төменгі жалпы орташа балл 4.00-ден 2.75 немесе үміткердің дәрежесі бойынша балама балл (бакалавр, магистр немесе докторант (егер магистратура мен докторантурада GPA әдісі қолданылса));

3) Бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін білуге арналған тест нәтижелеріне қойылатын ең төменгі талап IELTS тестінің жалпы балы 6,5, талап етілетін аралық балдары кемінде 6,0 немесе ETS\* сайтында жарияланған TOEFL-дің баламалы балы («Home edition» қоспағанда) болып табылады;

4) NUZYP-ке шартты түрде қабылдау үшін ағылшын тілін білуге арналған тест нәтижелеріне қойылатын ең төменгі талап IELTS тестінің жалпы балы 5,5, талап етілетін аралық балдары кемінде 5,0 немесе ETS сайтында жарияланған TOEFL-дің баламалы балы («Home edition» қоспағанда) болып табылады;



5) тиісті салада 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесі. Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша 1 жылдан кем жұмыс тәжірибесі бар үміткерлер қаралуы мүмкін;

6) эсседе көрсетілген Бағдарламаға жоғары деңгейдегі уәждеме және үлкен қызығушылық;

7) GRE тесті (ұсынылады).

\*\* GRE ресми балы міндетті талап емес, үміткер GRE-дің бәсекеге қабілетті нәтижесімен өз өтінімін жақсарта алады;

8) 2 (екі) құпия ұсыным хат;

9) түйіндеме (2 парақтан аспауы тиіс).

\* Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша талапкерлер егер:

1) олардың алдыңғы академиялық дәрежелерінің бірі ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, оқу және күнделікті өмір тілі болып табылатын елде алынса;

2) бакалавр немесе магистр дәрежесі ресми түрде ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламада алынса. Үміткерлер ағылшын тілінің оқу тілі екенін растайтын ресми құжатты ұсынуы керек;

3) үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болып табылса, тілді білуге тест тапсырудан босатылуы мүмкін.

## **2. Онлайн-өтінім беруге арналған құжаттар пакетінің бақылау тізімі:**

1) өтініштің толтырылған нысаны;

2) жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі;

3) атының өзгергенін растайтын ресми құжаттың сканерленген көшірмесі (егер қолданылса);

4) транскрипттері бар дипломдардың сканерленген көшірмелері (қазақстандық жоо-дан алынған транскрипттері бар дипломдар нотариалды куәландырылуы тиіс);

5) құжаттарды онлайн тапсыру күніне жарамды тестілеу әкімшісінен IELTS немесе TOEFL IBT («Home edition» қоспағанда) академиялық тестілерінің нәтижелері туралы ресми электрондық есеп және оның сканерленген көшірмесі. Үміткер тестке тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті бұрын тапсырса, ол тестілеу орталығына жүгіне алады және алушы ретінде Назарбаев Университетін көрсете алады;

6) ағылшын тілінің оқыту тілі болып табылатынын растайтын сканерленген құжат (тек ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша дәреже алған және IELTS немесе TOEFL («Home edition» қоспағанда) тапсырудан босатуды сұрататын үміткерлер үшін);

7) жұмыс тәжірибесін құжаттамалық растау (егер қолданылса);

8) құжаттарды онлайн тапсыру күніне жарамды GRE тест сертификатының электрондық нұсқасы (міндетті емес);

9) соңғы 12 ай ішінде жазылған екі құпия ұсыным хат (рецензенттер электрондық түрде немесе баспа көшірмесінде ұсынуы тиіс);



- 10) эссе (300-500 сөз);
- 11) түйіндеменің сканерленген көшірмесі (А4 форматындағы 2 бетке дейін).

